

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 50 ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ КІТАПТЫҢ ТАНЫСТЫРУ РӘСІМІ ӨТТІ



29-қазан күні Халықаралық Түркі академиясының жаңа ғимаратында әйгілі академик, қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смағұловтың Айнагүл Смағұловамен бірлесіп жазған «Қазақ халқы мен оның ататегіне орай антропологиялық очерктер» атты жаңа еңбегінің таныстыру рәсімі өтті.

Алқалы жиынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан

Қыдырәлі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Шахрат Нұрышев, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия елдерінің Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшілері, ҚР ҰҒА академигі Оразақ Смағұлов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Мырзатай Жолдасбеков, Әділ Ахметов, Қуаныш Сұлтанов, белгілі ғалым Айнагүл Смағұлова, халықаралық ұйым басшылары, сонымен қатар, депутаттар, дипломаттар, жоғарғы оқу орындары мен зерттеу орталықтарының басшылары, танымал түркологтар қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғы сөзімен жарық көрген іргелі еңбек Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып отыр. Жаңалығы мол ғылыми еңбек төрт тілде – қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде әрқайсысы жеке-жеке кітап ретінде басылып шықты. Кешенді антропологиялық зерттеу жұмыстарының

қорытындылары негізге алынған бірегей басылымның лентасын Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев кесті.

Іргелі еңбекте абыз ғалым қазақ халқының Ұлы Даланы елу ғасырдан бері мекен еткен автохтонды жұрт екенін бұлжымас ғылыми айғақтармен дәлелдеп берді. Бірегей басылымға арқау болған антропологиялық зерттеулердің нәтижелері әлемге танымал ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып отыр.

Жаңа еңбек туралы пайымды пікірлерін білдірген көптеген белгілі ғалымдардың айтуынша, әлемнің ешбір ұлтында тамырын 5000 жылдық тереңнен тартатын тұтас тарих ғылыми айқындалмаған. Сондықтан аталған туынды әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы айтулы жаңалық саналады.

Кітап зерттеу нәтижелерін көрсететін құнды фотодерек, жаңғыртпа сурет, ғылыми сызбалармен безендірілген.

«ҰЛЫҚ ҰЛЫС – АЛТЫН ОРДА» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

27–29-қазан аралығында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Атырау қаласында «Ұлық ұлыс – Алтын Орда» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Конференциясының пленарлық отырысты ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамедов, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, сонымен қатар, АҚШ, Еуропа, Түркия, Жапония, Ресей, Украина елдерінен зерттеушілер, белгілі тарихшылар қатысты.

Аталған шараға Халықаралық Түркі академиясының аға сарапшысы Тимур Козырев қатысып, «Қазіргі Қазақстанның ұлт қалыптасу процесіндегі Алтын Орданың орны мен рөлі» тақырыбы бойынша баяндама жасады.

Конференцияның қорытындысы бойынша қарар қабылданды.

Сонымен қатар, шара қонақтары мен ғалымдарға Сарайшық ауылындағы этноауыл таныстырылды.



«ТАРАЗ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТИ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Тараз қаласында Жамбыл облысының өкімдігінің ұйымдастыруымен және Халықаралық Түркі академиясының қолдауымен «Тараз және Түркі өркениеті» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Алқалы жиынның ашылу салтанатына Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Берік Әбдіғалиұлы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш, Висконсин-Мэдисон және Назарбаев университетінің профессоры Юлай Шамильоғлы, Жапонияның «Нара» ұлттық мәдени мұра мен ұлттық мәдени құндылықтарды зерттеу институтының зертханалық археология секциясының директоры Кунитакэ Садакатцу, Қазақстан ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Жәкен Таймағамбетов, белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуов, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ, АҚШ, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркияның танымал түрколог ғалымдары қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Халықаралық Түркі академиясының құрылтайшы құжаттарына сәйкес және Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия елдерінің Білім және ғылым министрлерінің келісімімен Физули Мажидли Халықаралық Түркі академиясының вице-президенті лауазымына тағайындалды. Физули Мажидли 1982 жылы 15 қыркүйекте Әзірбайжанда дүниеге келген. Әзірбайжан Ұлттық ғылым Академиясының Философия және құқық институтының «Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат» мамандығы бойынша докторантурасын тамамдаған. Саясаттану ғылымдарының докторы. 2016 жылдан бастап Халықаралық Түркі академиясында сарапшы және бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды.

БҮГІНГІ ТАҢДА БІЗ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДАМЫЗ?

1949 жылы Совет жобасының ядролық қаруды өңдеуі аясында келешекте сынақ полигонының орналасқан жері ретінде Қазақстандағы Семей қаласы маңында орналасқан аймақ таңдалды. 1949 жылдан 1989 жылға дейін 456-дан астам ядролық қару сынақтары өткізілді. Семей қаласының тұрғындары (елді мекеннің қазіргі атауы) осындай сынақтардың болуы жайлы ескертілмеген, тіпті жарылыстардың нәтижесі қандай болатынын да елестетпеген.

Осы орайда біз «бұл жағдайдан қалай өттік және «Бүгінгі таңда біз қандай жағдайдамыз?» деген сауалға жауапты қазір осында бөліссем. «Қоғамда қандай өзгерістер орын алуда және бұған дейінгі қоғамның мәселелері қайсы болды?» деген сауалдар көп адамдардың ойына бір кіріп-шығары анық.

Осы тұрғыдан алғанда, мен бүгін осы сұрақтарға өз ойыммен жауап бермекпін. Бүгінгі бейбітшілік заманға дейін еліміз небір сындардан өткені анық. «Ұлы Отан соғысы», «Желтоқсан оқиғасы», т.б. сынды оқиғалар ел тәуелсіздігі, еркіндігі үшін жасалынған зор қадамдар болатын. Сол уақыттарда халыққа мол зиянын тигізетін бір апатты дүние бізге де келген болатын. Ол – атом бомбасы.

Мінеки, осы аталмыш дүниені жою мақсатында небір жобалар ойлап табылды.

Бүгінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 29-тамыз халықаралық ядролық сынаққа қарсы күн болып белгіленді. Еліміз бейбітшілік сүйгіш саясатымен әлемдік қоғамдастықта өзіндік орнын алған елдердің санатында танылып келеді.

Міне, елдің бейбіт өміріне өз әсерін тигізген бұл апат бүгінде осылайша өз шешімін табуда. Ғылым дамуының ядролық қауіпсіздікке қосқан үлесінің молдығын осы ақпараттардан айқын байқай аламыз. Себебі қозғалыс барысында зардап шеккен халықтың, елдің, жердің жағдайын жақсарту мақсатында қолданылған құралдар, жаңа технологиялар арқасында жағдай өз қалпына келді. Осы жобаға сонымен қатар, ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының студенттері мен ұстаздары дөңгелек үстел өткізіп, жастарға жол көрсетіп, өз үлестерін аз да болса тигізуде. Бұл ғылым дамуының дәлелі емес пе.